

ЖАҢА ҚҰРЫЛЫМНЫҢ ЖАҢА БАСШЫСЫ

Сейсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен өткен әкімдік мәжілісінде Нұртаев Рзақұл Сәденұлының облыстық тұтынушылар құқығын қорғау департаментінің басшысы қызметіне тағайындалғанын хабарлады. Мәжіліске қатысып отырған ҚР Тұтынушылар құқығын қорғау агенттігі департаменті төрағасының орынбасары, еліміздің бас санитар дәрігері Жандарбек Бекшин жаңа құрылым қызметінің маңызы жайлы айтып өтті.

Ол бұған дейін елімізде сапа мәселесіне өз деңгейінде жеткілікті көңіл бөлінбей келгеніне назар аударды. Нарық бар жерде сапаның өзі дұрысталады деген ұғым болып келді. Алайда, одан сапаның жақсарып кеткені байқалмады. Соған байланысты бұған дейін денсаулық сақтау саласына қарап келген санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау қызметі жаңадан құрылған агенттік құрамына енгізілді. Сонымен бірге агенттікке екі жаңа міндет – тұтынушылар құқығын қорғау және техникалық регламентті реттеу жүктеліп отыр. Агенттік өкілі департамент басшысының міндетін атқарып келген Мәліс Жұбатқановтың департамент басшысының орынбасары болып тағайындалғанын және облыстың бас санитар дәрігері болып қала беретінін жеткізіп, Р.Нұртаев пен М.Жұбатқановқа табыс тіледі.

Өз кезегінде Қырымбек Елеуұлы тұтынушылар құқығын қорғау департаменті бір жағынан сапа мәселесіне мән берсе, екінші жағынан бизнеске қолдау білдіріп, оның бәсекеге қабілетті болуына да ықпал етуі керектігін атап өтті. Ол Рзақұл Сәденұлының бүгінгі күнге дейін лауазымды қызметтерін абыроймен атқарып, мол тәжірибеге ие болғанын айтып, оған жаңа қызметінде абырой мен табыс тіледі.

Ыдырыс ТҰРЛЫҒҰЛОВ.

ЖАҚСЫ ЖОБА – ЖАРТЫ ТАБЫС

Сейсенбі күні облыс әкімшілігінде облыс әкімдігі жанындағы кәсіпкерлер кеңесінің кезекті отырысы өткізілді. Онда облыста басым бағыттағы инвестициялық жобалар бойынша атқарылған жұмыстар мен алдағы уақытта жүзеге асырылатын міндеттер жайы ортаға салынды.

Кеңес жұмысын ашқан облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Тельман Сүлейменов бұған дейінгі кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы жөнінде қысқаша мәлімет беріп өтті. Атап айтқанда, өткен отырыста 11 инвестициялық жоба талқыға салынды. Соның ішінде “Шиелі тас” ЖШС-ның “Силикат кірпішін шығаратын зауыт құрылысы” жобасы бойынша жер койнауын пайдалану құқығын беруді сұраған өтінішіне облыс әкімдігі жанындағы республикалық және өңірлік Индустрияландыру карталарына енгізу үшін жобаларды қарау жөніндегі эксперттік комиссия отырысында жоба сараптамадан өтіп, аймақтық үйлестіру кеңесіне ұсынылған. Мұнан бөлек, “Best-сервис ЛТД” ЖШС “Етті тереңдетіп қайта өңдеу кешені” жобасы бойынша қала әкімдігімен бірлескен жұмыс жасалса, “Ақвалайы” ЖШС-ның “Газдалған және газдалмаған сусын өндірісі зауыты” жобасы бойынша екі жылдан бері қолы жетпей жүрген жер алуға арнайы шешім шығарылған. Жалпы кеңесте мұнай саласы мен құрылыс материалдарын шығару және туризмді дамыту бағытындағы маңызды деген жобаларды жүзеге асыру үшін бірқатар істер оңды шешімін тапқан.

Кеңесте қаралған екінші мәселе бойынша облыста жүзеге асырылатын басым бағыттағы инвестициялық жобалар туралы жоба бастамашыларының хабарламалары тыңдалды. Айта кету керек, мұнда да он бір жоба бойынша атқарылып жатқан жұмыстар сарапқа салынды. Соның бірі “Сыр маржаны” ЖШС 500 басқа арналған мал бордақылау алаңын салу жобасын қолға алған. Бұл жобаның жалпы құны 235,4 млн. теңге. Жоба толықтай іске асқанда 20 адам тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар “Мағжан және К” ЖШС-ның құны 96,6 млн. теңгелік “Күріш зауытын қайта жаңғырту” жобасы іске асқанда ол мезгілдік 300 адамды, тұрақты түрде 60-қа жуық адамды жұмыспен қамтиды. Бұл екі жоба да инфрақұрылымды, соның ішінде электр желісі мен су құбырын және жол салуды қажет етеді. Ал, жеке кәсіпкер Жемісбаеваның күріш өндіру зауытына да жобаны инвестициялау мен “Бизнестің жол картасы –2020” бағдарламасы шеңберінде несиенің пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау және несие бойынша ішінара кепілдендіруге мемлекеттік қолдау қажет. “Ақарыс” ЖШС-ның құны 551 млн. теңге болатын “Жеміс-жидек, көкөніс қоймасын қайта жаңғырту” жобасы мен “Даму” ЖШС “Пеноблок өндіру зауыты” жобасына да сондай қолдаулар керек. Сондай-ақ, “Global Energy Company” ЖШС-ның жасыл технологияға негізделген технологиялық алқап және “Экосервис-К” ЖШС-ның жылына 16900 метр құбыр шығаратын жобаларына да субсидия мен инфрақұрылым жүргізу қажет. Сонымен қатар кеңесте кірпіш және тротуар плиталарын өндіретін зауыт құрылысы мен тәулігіне 80 тонна құрама жем шығаратын зауытқа және бекітетін темір арқауын өндіруді ұйымдастыру жобаларын іске асыру үшін жер телімі қажеттігі де айтылды. Сондай-ақ, “Жас ғасыр” ЖШС-ның Қоғалыкөл ауылында туристік демалыс кешені жұмысын ұйымдастыруға гранттық қаржыландыру сұралып отырғандығы да жеткізілді.

Кеңес жұмысын қорытқан басқарма басшысы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосатын маңызды жобаларға ешқандай кедергі жасалмайтынын әрі осы отырыста айтылған бар ұсыныстарды шешу жолында мемлекет тарапынан қолдаулар көрсетіле беретінін жеткізді. Ал оның нәтижелері алдағы күндері өткізілетін отырыста қаралатын болады.

Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.

Сыр бойы

29 МАМЫР
БЕЙСЕНБІ

2014 жыл
№75 (18769)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

www.syrboyi.kz



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

КЕҢЕС

ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖАҢА ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫ САЛЫНАДЫ

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалық етуімен өткен облыстық қала құрылыс кеңесінде бірқатар жаңа жобалар талқыланды. Оның алғашқысында облыс орталығында дарияның сол жағалауын игеруге қатысты “Урбостиль” ЖШС бас директоры Любовь Нысанбаева түсіндірме жасады. Дарияның сол жақ жағалауын игеру Үкіметтің 2009 жылы бекіткен бас жоспар нұсқасына сай жүзеге асырылады. Дегенмен де, кейінгі қалыптасқан жағдайларға сай аз-кем өзгерістер орын алатын болады. Ол негізінен «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автомагистралінің өтуіне байланысты болып отыр. Мәселен, бүгінгі жобادا енгізіліп отырған көліктік логистикалық орталық бас жоспарда болмаған еді. Л.Нысанбаева сол жақ жағалау Қызылорда қаласының заманауи орталығына айналатынын жеткізді. Сол мақсатта дарияның жағалауы тиімді пайдаланылады. Жаңа жүргініштерге арналған жасыл бульварлар, аллеялар, скверлерге ден қойылмақ. Олар этномәдени, сауықтыру, көңіл көтеру кешендерімен, сауда орындарымен жалғасып жатпақ. Тұрғын аудандарда көпқабатты және бірқабатты үйлер бой көтереді.

Осы ретте облыс басшысы сол жақ жағалауда балаларға, жасы ұлғайған кісілерге, қала қонақтарына демалуға қолайлы жерлерге ерекше назар аударылу керектігін тапсырды. Ол бұл жақта аспанмен таласқан әулім үйлер салудың қажетсіздігіне тоқталды. Көпқабатты тұрғын үйлер әрі кетсе 9-12 қабаттан аспағаны абзал. Және бір ескерерлік мәселе ғимараттарда негізінен шығыс сәулет өнерінің үлгілері молынан көрініс табуы тиіс. Облыс басшысы сол жақ жағалауға көпір салынбай, ол жақта қозғалыс болмайтынын атап өтті. Сондықтан Ғ.Мұратбаев көшесі арқылы түсетін көпір құрылысы жақын айларда басталуы керек. Қырымбек Елеуұлы қала әкіміне, жерге орналастыру саласы басшыларына сол жақ жағалаудан жер бөлу, өз бетінше құрылыс жүргізуге жол бермеу жайын қатаң тапсырды.

“Урбостиль” басшысы мұнан кейін Байқоңыр қаласының бас жоспарымен таныстырды. Жобаны жасауда оның біздің республиканың қаласы болуымен қатар, Ресейдің жалға алып отырған қаласы, сонымен бірге жабық режимдегі қала екендігі ескерілген. Байқоңыр қаласы “ЭКСПО-2017” көрмесінің бір алаңы ретінде қарастырылып отыр. Бұл жағынан да басымдық беріледі. Күн, жел энергиясын пайдалану қондырғыларын орналастыру мүмкіндігі бар. Жобادا қаладағы көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеттерін жасарту жағы да қарастырылған. Байқоңырдың Қамбаш көлі мен «Қорқыт ата» кешеніне жакындығы да ескерілгені айтылды.

Облыс басшысы Байқоңыр қаласы аймақтың дамыған орталықтарының бірі екенін атап өтті. Сонымен бірге Байқоңырмен қатар Төртстан мен Ақайдың ұмыт қалмауы қажеттігін баса айтты. АҚШ-та ғарыш ұшырылымдарын тамашалаушылардан қыруар пайда табуда. Болашақта туризмнің осы саласын дамыту жайын ескерген жөн.

Кеңесте «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодалізі бойында пайда болатын сервисісін нысандар жобалары да ұсынылды. Оның біріншісі “Шиелі Сапаржайы” ЖШС директоры Әбжілі Байділда, екіншісі жеке кәсіпкер Гүлнар Жүнісова тарапынан ұсынылды. Алғашқысы Жуантөбе ауылының тұсында



бой көтерсе, екіншісі Шаған ауылы тұсынан салынбақшы. Бұл сапаржайлар кешенінде қонақ үй, жеңіл және жүк көліктеріне арналған тұрақжайлар, автокөліктерге қызмет көрсету орталығы, жанар май құю стансасы жән сауда павильоны сондай-ақ әлеуметтік нысандар – сапаржай құту залы, медпункт, туристік бюро, асхана, мейрамхана, ана мен бала, мүгедектер баспасы болмақ. Шиелі ауданында салынатын нысан “А” санатында болса, Шаған ауылы тұсындағы нысан “В” санатында болады. Кәсіпкерлер жобаларға рұқсат етілсе, құрылыс жұмыстарын бастай бере алатынына сендірі.

Облыс әкімі мұндай сапаржайлар салынуымен халықаралық трасса бойымен өтетін транзиттік көліктер мен жолаушылар ағынына қызмет көрсете отырып, Оқпаш ата, Сығанақ, Сауран, Түркістан, Арыстан баб, Қаратау сілемдері, Қорқыт ата, Жанкент, Байқоңыр, Қамбаш көлі секілді керемет жерлер және тарихи-мәдени ескерткіштермен танысуына мүмкіндік жасай алатынын жеткізді. Сонымен бірге мұнда жаңа жұмыс орындары ашылатыны белгілі. Сондықтан рұқсат берген жөн. Дегенмен, кәсіпкерлер облыстық кәсіпкерлік және туризмді дамыту басқармасымен меморандумға отыруы тиіс. Жұмыс басталғанынан кейін оны сақалды құрылысқа айналдыруға жол беруге болмайды. Ондай жағдайда жер уәскесін қайтарып алуға дейін баратын болады.

Мұнан соң кеңес мүшелеріне Өйтеке би кенті мен Жанақорған ауданының орталығында салынатын дене

шынықтыру және сауықтыру кешені жобасы таныстырылды. “Проект Сервис” ЖШС жобалаған бұл кешендерде тұрғындар үшін көп мүмкіншіліктер қарастырылған.

Жоба толық қуатталған соң облыс әкімі “Саламатты Қазақстан” бағдарламасының орындалуына үлес қосатын бұл нысандар құрылысын көпке созбай, Тәуелсіздік мерекесінде іске қосуды тапсырды.

Кеңес мүшелерінің назарына ұсынылған соңғы жоба ол кім-кімді де бейжай қалдырмаса керек. Өйткені, онда Қызылорда қаласының орталық алаңында салынатын Қазақ драма театрының керемет ескіздік бейнесі көрініс тапқан. Класикалық үлгіде салынатын театр ғимараты облыс орталығының архитектуралық келбетіне өзіндік сән қосады. Театрда үлкен және кіші залдар болады.

Аймақ басшысы театрда актерлар үшін барлық жағдайлар жасалуына басты назар аударуды тапсырды. Оркестрге арналған орын да ұмыт қалмауы тиіс. Біздің аймақтың ауа райын, жел мен шаң-боранды ескеріп, әрі ерекше сән беруі үшін театрдың қасбетін мрамормен немесе “Ағлаш” тасымен әрлеу керек. Облыс әкімі сондай-ақ театрда Толғанай ролін сомлап тұрған Сәбира Майқанова ескерткішін орнату жайлы өз ойын жеткізді. Ол театр жобасын Қазақ театр одағының мүшелеріне таныстырып, сын-ескертпелерін алған жөн екенін айтты.

Ы.ТӘЖІҰЛЫ.

ДОСТЫҚ

Сейсенбі күні корей халқының ұлт батыры Хон Бом Доның зиратына гүл шоқтары қойылып, тазғым етілді.

Биыл облысымыздағы корейлер ассоциациясының құрылғанына ширек ғасыр толып отыр. Осыған орай аталмыш қоғамдық ұйымның мерейтойлық шарасы өткізілді. Оған еліміздің Алматы, Ақтөбе, Шымкент, Тараз қалаларынан келген құрметті қонақтар қатысты.

ҰЛТ БАТЫРЫ РУХЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Мәдени күндер салтанатына ортақтау үшін ат арытып жеткен мәртебелі меймандардың бір тобы корей халқының даңқты ұлдарының бірі – Хон Бом Доның мәңгілік мекені басына жиналып, құрмет көрсетті. Шарала сөз алған Қазақстан халқы Ассамблеясы ғылыми-сараптамалық кеңесінің мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Георгий Кан, Қазақстан корейлері ассоциациясы республикалық қоғамдық бірлестігінің вице-президенті Денис Ким достық пен татулықты ту еткен қызылордалықтарға шынайы лебіздерін білдіріп, Қазақстанның кел-мел келешегін қалыптастыру жолында субелі үлестерін қоса беретіндерін жеткізді.

Қызылорда корейлері ассоциациясының 25 жылдық мерейтойлық шарасы кешкілік Н.Бексезанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрындағы салтанатты концертке ұласты.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

ДӘСТҮРІН ДӘРІПТЕП, БОЛМЫСЫН ПАШ ЕТТІ

Жуырда облыстық ішкі саясат басқармасы мен облыстық корейлер ассоциациясы ұйымдастыруымен «Алекс» би-өнер мектебінде «Арымдаун Хангуго» (әдемі көріс тілі) байқауы болып өтті.

Көріс тілін меңгеру мен олардың салт-дәстүрлерін көрсету, сондай-ақ, ұлттық киімдерін кию секілді үш кезеңнен тұратын сайыста №7 мектеп, №3 мектеп-лицей, №198 мектеп, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхананың оқырмандары мен «Надежда» шіркеуі және Қызылорда корейлер ассоциациясы командалары бақ сынады. Сайыс барысында қатысушылар үш тілде өздерін таныстырып, барынша көріс ұлтының дәстүрлерін көпшілікке паш етті. Ұлттар достығы мен татулығын, Отанға, тілге деген құрметтерін көрсете білген командаларға ди-зайнер, сәнергер Бәла Юн, Қорқыт ата атындағы КМУ-дың көріс тілі оқытушысы Ким Джи Ын мен облыстық корейлер ассоциациясы төрағасының орынбасары Вилорий Шин қазылық етіп, өздерінің әділ бағаларын берді. Байқаудың нәтижесінде №198 мектептің командасы жеңімпаз атанып, бірінші орынды иеленді.

М.САТЫБАЛДЫ.



Бүгінде Сыр елі – көптеген ұлтқа қоныс болған, ұлттар арасындағы бірлік пен татулықты сақтап отырған аймақтардың бірі. Ешқайсысын бөліп-жармай, барлығына теңдей қарайтын өлкеде біршама ұлт өмір сүруде. Олардың әрқайсысының ұлттық дәстүріне, мәдениетіне, тіліне барлық жағдай жасалған. Сондықтан өмірімізде тұратын әрбір ұлттың құндылықтары қашанда маңызды, алар оры ерекше болмақ.

КОРЕЙ ДИАСПОРАСЫНЫҢ МӘДЕНИ КҮНДЕРІ

Қазіргі таңда облысымызда ең көп қоныстанған ұлттардың бірі – корістер. Биыл Қызылорда облыстық корейлер ассоциациясының құрылғанына 25 жыл толады. Қазіргі сәтте Қызылорда қаласында корейлер диаспорасының мәдени күндері өтуде. Осыған орай, Н.Бексезанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында республикалық мемлекеттік корей музыкалық комедия театрының концерті болды. Шараны тамашалауға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты. Өздерінің ұлттық дәстүрлерін паш еткен корістер шара барысында музыкалық комедия жанрындағы театрландырылған қойылым қойып, жылған көпшіліктің көңілін бір серпілтіп тастады. Сондай-ақ, Ш.Қалдаяқовтың әндерінен попури жасаған «Преміум» квартеті мен театр артисі Олег Юн салған «Жан сырым» әні де көпшіліктің көңілінен шықты. Осылайша, қазақпен етене араласып кеткен көріс халқы өз өнерлерін көрсету арқылы жылған жұртқа жасын көңіл-күй сыйлап, әсем ән, өрнекті би-мен тербетті.

М.ОТАРАЛЫ.

ҚАЛАНЫҢ БОЛАШАҚ ДАМУЫНА ЖҮЙЕЛІ ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ ҚАЖЕТ

Сейсенбіде облыс әкімшілігінің мәжіліс залында аймақ басшысы Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен Қызылорда қаласының перспективалық дамуына қатысты мәжіліс болып өтті.

Басқосуды ашқан аймақ жетекшісі облыс орталығын дамыту бағытында өткен

жылы көптеген жобалардың қолға алынып, жүзеге асырылғанын, биылдың өзінде бірнеше ірі жобалар іске асырыла бастағанына тоқталды. Туған шаһарымыздың заманауи талаптарға сай дамуын ұдайы өзінің назарында ұстап отырғанын, инфрақұрылым бар жерде ғана дамуға негіз барын атап өткен облыс әкімі «Қорқыт ата әуесжайының» терми-

налы мен Ғ.Мұратбаев көшесі басынан Сыр-дария өзеніне салынатын көпір құрылысы жуық арада басталатынын жеткізді. Мұнан соң шаһар басшысы Н.Нәлібаев қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы жайлы хабарлама жасады. Оның айтуынша, өнеркәсіп кәсіпорындары алғашқы 4 айда 385 млрд. теңгенің өнімін өндірген. Айта кетейік, об-

лыс бойынша өндірілетін өнімнің 94 пайызы, салынған құрылыс нысандарының үштен екісі Қызылорда қаласының үлесінде. Бүгінде қала бюджеті өткен жылмен салыстырғанда 20 пайызға ұлғайып, 36 млрд. теңгеден асқан. Негізгі капиталға салынған қаржы көлемі артып, 43 млрд. теңгені құрапты. Бұл облысқа салынған инвестицияның 76,4 пайызы. Соңғы кездері қаласынан тұрғын үйлер көлемі де өсуде. Биыл 5 млрд. 267 млн. теңгеге 24 тұрғын үйдің құрылысы жүргізіліп, оның 22-сі ел игілігіне беріледі деп күтілуде. Яғни, жыл соңына дейін 750 отбасы қоныс тойын тойлайтын болады.

ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУДЕГІ БАЯНДЫ БАСТАМАЛАР



Қазақстан 2050

Шындығында, қайда энергия қуаты жетпесе солар ең алдымен энергоресурстарын үнемдеуге ден қоятыны белгілі. Мұны бүгінде әлемдік тәжірибе де айғақтап көрсетіп беріп отыр. Жиырмасыншы ғасырдың соңында Жапон елі мен Еуропада өз энергоресурстары жетіспегендіктен энергияны үнемдеу технологиясын өндіру саласы пайда болды.

Ал, өз кезегінде мұнай мен газы жеткілікті (Ресей, Қазақстан, Таяу Шығыс мемлекеттері мен басқалары) энергияны үнемдеуші технологияны өндіруге асықпады. Мұндай жағдайды әр мемлекеттің жекелеген салаларынан да кезіктіруге болады. Негізгі энергоресурстарын өндіретін немесе жинақтап, тасымалдайтындарға қарағанда соңғы тұтынушылар энергия үнемдеу бағдарламасын орындауда оның алдын алады әрі тиімді пайдаланады. Жалпы бұкіләлемдік трендік жағдаймен салыстырғанда Қазақстанда анау айтып айырмашылық жоқ. Дегенмен, энергоресурстар жеткілікті болғанына қарамастан, ол энергия үнемдеу бағдарламасын тоқтата алмайды. Мұндай мысалды “ҚазГермұнай” БК” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тәжірибесінен көруге болады. Бұл серіктестік бүгінде

энергия үнемдеуші технологиясын өндіру жөнінен аймақтағы үздік компания атанып отыр.

Осы орайда компанияның энергия үнемдеу саясатын жүзеге асырудың бір сыры бар екенін де айта кеткен жөн секілді. Көпшілікке белгілі, мұнда мұнаймен қоса шығатын ілеспе газды өңдеу бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Экономикалық есеп көрсеткіштері көрсетіп отырғандай, компания ілеспе газды өзінің ішкі қажеттілігіне (электр энергиясын өндіруге, жерасты қабаттарына айдауға, ғимараттар мен мұнайды тасымалдау кезінде жылытуға) пайдаланады. Сөйтіп, оның құрғақ газды өңдеп, тасымалдауға кететін шығыны айтарлықтай азайды.

Соған қарамастан, “ҚазГермұнай” БК” ЖШС «Ақшабулақ» кенішінде мұнаймен қоса шығатын ілеспе газды өңдейтін екі қондырғы орнатып, Қызылорда қаласын газбен қамтамасыз ету жөнінде ауқымды әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асырып келеді. Бұған қоса, “ҚазГермұнай” БК” ЖШС-ның газ саясатына орай “Кристалл менеджмент” ЖШС қуаттылығы 87 МВт-тық газотурбиналық электростанция салды. Осы электр станцияда өндірілген электр энергиясының бір бөлігін “ҚазГермұнай” БК” ЖШС тұтынады.

Сөйтіп, кәсіпорынның маңызды энергия үнемдеу бағдарламасын жүзеге асыру үшін экономикалық себептерді туғызатын жағдайлар түрткі болған жоқ. Бірақ, компанияның мұнай өндіру мен аралас салаларда қазіргі заманғы технологиялар трендін қолдануы оған абырой мен атак әкеліп, беделін көтерді.

Кәсіпорын энергоресурстарын тұтынуға негізгі бөлігін табиғи газға

(58 пайыз) және электр энергиясына (41 пайыз), қалғандарын моторлық және қазандық пештері жанар майына пайдаланады. Энергияны үнемдеу жөніндегі жобаның мақсаты жанар май мен энергетикалық ресурстарды (ЖЭР) тиімді пайдалану және осы ЖЭР үнемдеудің көздерін ашу мен энергия үнемдеуде кешенді шараларды жүзеге асыру болып табылады. Сөйтіп, бастапқыда оның энергияны үнемдеу мүмкіндігі анықталды. Ол газ бойынша миллион текше метрден астамды немесе тұтынатын көлемнің 5,5 пайызын, электр энергиясы бойынша 1800 мың киловатт/сағатты (1 пайыз) құрады.

Электр энергиясы бөлігіндегі бұл мүмкіндікті жүзеге асыру үшін компанияға Р201А/В/С экспорттық насос қуаттылығының реттеу сызбасын өзгерту қажет болды. Соның арқасында инвестиция салмай-ақ 1366 мың кВт/сағат электр энергиясын үнемдеуге жол ашылды. Ал, бұл дегеніміз ақпалай есептегенде 13 млн. теңгеден астам екенін білдіреді. Сондай-ақ, бұрын электр энергиясын көп қажет ететін электр шамдарын электр үнемдеуші шамдарға ауыстыру ісі үш миллион теңге инвестицияны қажет етті. Дегенмен, ол өзін-өзі бір жарым жыл ішінде ақтап, шамдарды ауыстырудан жылына екі миллион теңге үнемдеуге жол ашылды екен.

Кәсіпорындағы энергияны үнемдеу ісі кең ауқымдағы жұмыстарды жүргізудің арқасында мүмкін болып отыр. Мысал ретінде айтар болсақ, жұмыс істеп тұрған жарық жүйесіне жауапты тұлғаны бекіту 400 мың теңгені үнемдеуге немесе электр энергиясын 45 мың кВт/сағатқа үнемдеуге әкелді.

“ҚазГермұнай” БК” ЖШС-ның

өндірісте қолданып отырған жана-шылдығы әлем тәжірибесінде бар. Бірақ, ол біздің аймақта өте аз немесе жоқ десе де болады. Соның бірі мұнай өндірісінде пайдаланатын су жылытқыш қазандықтар сыртқы температураны есепке ала отырып автоматты жүйемен толықтырылған. Бұл іс 1800 мың теңге инвестицияны қажет етті. Бірақ олар өзін бір жылда ақтады. Сөйтіп, осы жаңашылдық-тың арқасында жылына 186 мың кВт/сағат электр энергиясын үнемдеуге қол жеткізілді.

Энергияны үнемдеу бұл тек газ бен электр энергияны, жанар-жағармайды, сондай-ақ, қаржыны үнемдеу ғана емес, сонымен қатар жұмысшыларға да жайлы жағдай жасау. Энергетикалық аудит өткізу шеңберінде Қызылорда қаласындағы бас офистің жылу сақтау жағдайына түсірілім жасалды. Осы түсірілім ішкі ауаның температурасы нормативті көрсеткіштен 7-12 градусқа артық екенін көрсетті. Мұндай жағдайда қызметкерлердің толыққанды жұмыс істеуі мүмкін емес еді. Сондықтан да олар әлсін-әлсін терезелерін ашып алатын. Жылу жүйесінің сыртқы температураға байланысты осы жайларды ретке келтірілгеннен кейін қызметкерлердің жайлы бөлмелерде жұмыс істеуіне көп ашылып, қазандықтың жанар май жұмсау шығыны да азайды.

Сонымен, “ҚазГермұнай” БК” ЖШС энергия үнемдеу бағытындағы жұмысы бүгінде өз нәтижесін беріп отыр. Демек, компанияның бұл тәжірибесі көпке үлгі боларлықтай. Өйткені, мұндай әдіспен жұмыс істеуден ұтпасаң, ұтылмайтының анық.

Айгали ҚАРАБАЛАЕВ.

БАСПАСӨЗ ТҮРЫ

ҚАБЫЛДАУ

ТАҒАЙЫНДАУ



Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігі төрағасының бұйрығымен Қызылорда облысы бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы лауазымына **Нұртаев Рәзкұл Сәденұлы** тағайындалды.

Нұртаев Рәзкұл Сәденұлы 1960 жылы дүниеге келген. 1982 жылы Қазақ политехникалық институтын «тау-кен инженері», 2001 жылы Мәскеу экономика және статистика институтын «юриспруденция» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1983 жылы «Қазахэврыпром» тресінің Алматы құрылыс басқармасында жерасты жұмыстарында ұңғушы болып бастаған, 1984-1986 жылдары Байқоңыр қаласының №05909 әскери бөлімінде инженер, 1986-1987 жылдары Байқоңыр қаласының «Спецмашмонтаж» мекемесінде инженер, 1987-1990 жылдары Байқоңыр қаласының № 10992 әскери бөлімінде жұмыс өндіруші, 1990-1993 жылдары «Қазтепломонтаж» мекемесінің бастығы, 1993-2001 жылдары Төретам кентінің әкімі, 2001-2004 жылдары «Инфракос» республикалық мекемесінің бас директоры, 2005-2007 жылдары Қармакшы ауданының әкімі, 2007-2008 жылдары Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бастығы қызметтерін атқарды. 2008-2010 жылдары Қызылорда облысы әкімі аппаратының басшысы, 2010-2013 жылдары Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, бірінші орынбасары қызметтерін абыроймен атқарған.

2013 жылдан осы уақытқа дейін Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі лауазымында қызмет атқарып келді.

САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ КЕПІЛІ

ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің облыс бойынша де-партаменті журналистердің қатысуымен “Қызылорда электр тартату тораптары компаниясы” акционерлік қоғамының жаңарту жұмыстары мен инвестициялық міндеттемелерді орындау барысымен танысу мақсатында баспасөз турын өткізді.

Бүгінде шаруашылықтың барлық салаларында энергияны үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыруға ерекше басымдық беріліп отыр. Өйткені бұл мәселенің энергетикалық, экологиялық, экономикалық және әлеуметтік проблемаларды шешуде маңызы зор. Энергияны үнемдеу энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін негізгі әдіс. Сондықтан да ол мемлекеттің стратегиялық мақсаты деп есептеледі.

Негізгі табиғи монополия субъектілері үшін тариф бекіту кезінде олардың бітірілген тәртіппен бекітілген инвестициялық бағдарламалары болуына айрықша көңіл бөлінеді. Осы орайда айтар болсақ, онда департамент пен ҚР Индустрия және жана технологиялар министрлігі 2012 жылы “ҚЭТТК” АҚ-ның 2013-2015 жылдарға 758,4 млн. теңге инвестициялық бағдарламасын бекітіп берген. Ол бойынша қоғам қолда бар активтерді жаңарту мен қолдауды, негізгі құралдарды қалпына келтіру мен техникалық қайта жаратандыру жұмыстарын іске асыратын болған. Осы инвестициялық бағдарламаны жүзеге

асыру мақсатында кәсіпорында ауқымды істер қолға алынды. Соның бірі тұрғын үйлердің кірме сымдарын әуе электр желісінен алюминий шымен есептегішке дейін жеткізді. Өз кезегінде бұл электр энергиясын ұрлауға қол бермейді. Соның нәтижесінде электр энергиясының шығыны 10-12 пайызға азайып, көрсетілетін қызмет сапасы жақсарды. Мұнан бөлек, кәсіпорын өткен жылы инвестиция салу есебінен 15 трансформаторлы қосалқы станция мен 12 трансформаторды ауыстырды. Бұған қоса бірнеше шақырым кабельдік және әуе электр желілері де жаңартылды. Жұмысты ұтымды ұйымдастырудың арқасында кәсіпорынның нормативтік-техникалық ысыраптары 2009 жылдан бері 16,8 пайыздан 15,7 пайызға түсіп, негізгі құралдардың тозығы 79 пайыздан 77 пайызға төмендеген. Сонымен қатар, кәсіпорынның энергетикалық қондырғыларының жұмысы жақсарып, апаттық тоқтаулар азайған. Сөйтіп, тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз етудің сенімділігі артқан.

Бүгінде кәсіпорын 2014-2016 жылдарға белгіленген инвестициялық бағдарлама аясында көрсетілетін қызмет сапасын арттыру жұмыстарын қолға алып, осы мақсатқа \$60,8 млн. теңге инвестиция салуды жоспарлап отыр.

А.АМАНЖОЛУЛЫ.

«Мен қазақ қыздарына қайран қалам...»

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев есімі елімізге танымал жергілікті сазгер Рамазан Таймановты қабылдады. Жүздесу барысында аймақ басшысы ерелі өнерімен жұрттың жылы ықыласына бөленген сазгерге құттықтау лебізін білдірді. Шығармашылық табыстар тілеп, оған сый-құрмет көрсетті.

Бүгінгі күнге дейін Рамазан Тайманов 40-тан астам әнді көпшілікке тарту етті. Олардың арасында халыққа кеңінен танымал «Қызылорда», «Қазақ қызы», «Қорқыт-қобыз» туындылары бар. Үстіміздегі жылы ақаралы 60 жасқа аяқ басқан сазгер жергілікті жұртшылықпен жүздесіп, шығармашылық есеп кешін өткізуге көңіл бөлмек.

– Менің өнерімді бағалап, арнайы жүздескен облыс әкіміне ғизашылығымыз білдіремін, – деді Р.Тайманов бізбен әңгіме барысында. – Аймақ басшысы ізгі ілтипатты білдірді. Мен секілді азаматтар өнерімді халыққа деп тынбай тер төгіп жүрген жайымыз бар. Сол еңбегіміз бағаланып, осындай сый-құрметке ие болып жүрміз. Мен соңғы 20 жылдан бері облыстық халық шығармашылығын дамыту орталығында қызмет етіп келемін. Бұл орайда балалар шығармашылығын дамытуға мән береміз. Бұл тұрғыда да жеткен жетістігіміз аз емес.

Сазгердің айтуынша, соңғы кездері жазған туындысы – «Сыр – Алаштың анасы» деп аталады. Облыс басшысының қолдауымен оған бейнебаян түсірілді. Жалпы, Р.Таймановтың шығармалары балалар, патриоттық, туған жер, махаббат тақырыбында жазылған.

Қалың елге «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» әнімен танылған сазгер сол туындысын арқылы өз ұлтымыздың қыздарының бет-бейнесін керемет сомдай білді. Осындай субелі шығармаларымен елдің жүрегіне жол тауып, әнімен қуанта бер демекпіз.

Әділжан ҰМБЕТ.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫ

БЕРУ

КӨРСЕТІЛЕДІ.

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ МАМЫР АЙЫНА ДЕЙІН БАСҚАРМАНЫҢ ХАЛЫҚКА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҚТАРЫ АРҚЫЛЫ 111 МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛДІ.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ АҚПА-РАТҚА КОЛ ЖЕТКІЗУ МЕН ОРЫН-ДАРЫ БАСҚАРМАНЫҢ ОҚУ-СПОРТ-ТЫҚ БӨЛІМІНІҢ АРНАЙЫ АҚПАРАТ ТАҚТАСЫНДА, ХАЛЫҚКА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҚТАРЫНДА, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІ-МЕТІНІҢ 2014 ЖЫЛДЫҢ 20 АҚПАНЫНДА БЕКІТІЛГЕН №118 ҚАУЛЫСЫНЫҢ СТАНДАРТЫНДА, ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ 2014 ЖЫЛДЫҢ 7 НАУРЫЗДАҒЫ №516 ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН РЕГЛАМЕНТІ МЕН ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ВЕБ-ПОРТА-ЛЫНДА СОНДАЙ-АҚ, МЕМЛЕ-КЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР СТАНДАРТЫНЫҢ ЖОБАЛАРЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің ресми Sport.gov.kz сайтында көрсетілген.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

КӨРСЕТУ ПРОЦЕССИНІҢ АШЫҚ-ТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БА-ҒЫТТАЛҒАН ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСЫ 2014 ЖЫЛДЫҢ 17 НАУРЫЗ ЖҮЗІНДЕ ІСКЕ АСЫРЫЛАДЫ.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

КӨРСЕТУ ПРОЦЕССТЕРІН ОНТАЙ-ЛАНДЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫН-ША СТАНДАРТ НЕГІЗІНДЕ ҚҰЖАТ-ТАРДЫҢ ҚЫСКАРТЫЛУЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ НЕГІЗІНЕН ҚАЗАЖ ЖҮЗІНДЕ ІСКЕ АСЫРЫЛАДЫ.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

КӨРСЕТУ САПАСЫН БАҒАЛАУ ЖӘ-НЕ БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕ УӘКІ-ЛЕТТІ ОРҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕС-ПУБЛИКАСЫНЫҢ Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі 2013 жылдың қыркүйек айында жүргізген мемлекеттік қызметтер сапасын бақылау нәтижесі бойынша барлық атқарылған мемлекеттік қыз-меттердің талаптарға сай екендігін көрсетеді.

“ЖАСЫЛ” ЭКОНОМИКА

АДАМИ ОЙ ШЫҢЫНДАҒЫ АҒА ҮНІ

КОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

Сейілбек Шаухамановтың «Бақытыңды бағалай біл!»

атты кітабының тұсауесерінде сөйлеген сөз

Құрметті әлеумет, қадірлі қауым!

Елге, халыққа еңбегі сіңген дара тұлғаларын ардақтап, олардың жасаған еңбегін ұрпаққа онығ ететіндей осындай тәрбиелік мәні бар іс-шаралардың кең көлемде өткізілуіне ұйытқы болып отырған облыс басшысына, атқарушы органдарының азаматтарына үлкен рахмет айтықмыз келеді.

Өткен ғасырдың 30-шы жылдары дүниеге келіп, балалық шақтарын сұм соғыс ұрлап алған, жалан аяқ, жырттық тізе, аш құрсақ болып өскен бала ұрпақтан бүгінгі ата ұрпаққа айналып отырған буын өкілдері осы залда да отыр. Құбылмалы заманда жетімдіктің дәмін көп тартқан осы буын өкілдерінің барлығына тән қасиет «оқымаған дұрыс адам болмайды» деген қағида деп пен ынсап, ар, ұят, қанағат деген сезімдерді бойына сіңіре өсуінде еді.

Сол буынның қатардағы көп тіреулердің біреуі ғана емес, маңдайдағы тіреуіне айналған бүгінгі мерейтойдың иесі Сейілбек Шаухаманұлы. Американың белгілі классигі Уильям Фолкнердің айтқан сөзі бар: «Данқ пен билік сұлу бикеш сияқты. Қабағына қарап, өліп-өшіп ұмтылған сайын ұсыныса түспей, қашақтай береді. Ал, сол бикешке соншалық құмартпай-ақ бойынды салқын ұтасаң, бұратылып өзі жетіп келеді». Сол айтқандай, данқ пен дақыртқа бой алдырмай, табиғи мінез қалпын еш өзгертпей, өзі межелеген биікке шығып отырған тұлға – Сәкен, Сейілбек Шаухаманов.

Сәкен кезінде үлкен мемлекеттік лауазым атқаруымен қатар, ішкен-жегенін, кигенін мен мінгенін жерде қалса да, көрген-білгенін, естігенін жерде қаласын деп, қалам тербеп келе жатқан публицист-жазушы. Соның бір айғағы, бүгін тұсауын кескелі отырған «Қайраткер», «Бақытыңды бағалай біл» атты еңбектері.

«Бақытыңды бағалай біл»

Бұл – аға сөзі! Бұл – дананың сөзі!

Бір ғана Сыр өңірінің емес, барша қазақ елінің ардақты ел ағасы, сөз сөйлесе шешен, ел бастаса көсем, топқа қалсаң жүйрік, айтар ойы терең, шоқтығы биік дара тұлға, өз ақыл-парасатымен өмірдің төріне озған, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Сейілбек аға Шаухамановтың бүгінгі тұсауы кесіліп отырған кітабы осылай деп аталады екен.

Бұл кітапты сыйға да, сыны да, жыры да, сыры да, өрі мен төрі де, қиыншылығы мен қызығы да, айтуың тар жол тайғақ кешуі де мол өмірдің Сейілбек ағамыздың көкейіне қондырған да ұқтыра білген ақиқаты деп қабылдап отырмыз.

Бұл кітапты және де бағыт мен бағзы замандардан келе жатқан даналықтар мен дана сөздердің жанғырығы, кешегі өткен ел ағалары мен халқымыздың не бір жақсылары мен жайсаңдары жайлы ыстық ықыласты Сейілбек ағаның жан үні деп ұғынамыз.

Бүгінгі және келер ұрпақ үшін өз артында айтар сөзін қалу үшін де өмірден көргені де, көнілге түйгені де, жақсылармен жанасып жүргені де, ел үшін бел шешіп адал еңбек еткені де, халқың үшін маңдайыңды сылып тастап тер төккенің де керек болар, бәлкімі!

Біздің Сейілбек ағамыздың өмірі осы бір зандылықтардан тұрғаны да бар. Сонан да болар «Бақытыңды бағалай біл» атты кітабында ағамыз «Өмірде жолым болды!» деп ағынан жарылады. «Өмірде жолым болды» дегеннің өзін әріден саралау керек шығар. Өйткені жолың болу үшін де сол жолды жүріп өтіп, еңсеруің үшін де талап пен ынта, ақыл мен парасат, еңбек пен қажыр қайрат та керектігі ақиқат. Осының бәрі де Сейілбек Шаухаманов өмірі мен ғалымының шындығы!

«Батамен ер көгерер» демекші халқымыздың талай бір асылдарынан, дуалы ауыз ақсақалдарынан бата алған Сейілбек ағамыздың өзі де осы күндері батағаой абызға айналды. Сейілбек ағаның әңгімесін тыңдауға құмартқандар, Сейілбек ағамыз айтар ақылна ынтыққандар, Сейлбек ағаның батасын алуға асыққандар қаншама?! Бұл Сейілбек Шаухамановтың бойына кие қонғандығы!

Барлығы жеті тараудан тұратын бұл кітаптың «Өмірімнің өрінде», «Кие қонған ақ бата», «Сүйерім,сүйенерім, тәзірім – халық», «Адам. Заман. Қоғам», «Адам іздеп жүрмін», «Ардагерлер – ардақтысы елімізін», «Болмыс-бітімі бөлек жан» атты әр тарауының тағылымын жасе талдау керек болар.

Бір ғана «Адам іздеп жүрмін» тарауының Дінмұхамед Қонаевтан басталып, Әбкең, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Мақтай Сағдиев, Төкей Есетов, Еркін Әуезбеков, Елеу Көшербаев, Еламан Жүнісбаев, Сүлеймен Сейітов, Ержігіт Бозғұлов, Көбейсін Исаев, еңбек адамдары Шаймағанбет Есов, Аманкелді Құдайбергенов, Жаңаберген Ахатов сынды талай тұлғалар хақында айтар ойы мен сөзін философиялық тұжырымдармен түйіндей айту арқылы Шаухаманов адами ой шыңының биігіне көтеріле алғандығын аңдадық.

Біз адам іздеуіміз керек! Бұл Шаухаманов сынды асыл ағаның өмірлік ұстанымы еді. Ағамыз сол кредосынан бүгін де айынған жоқ. Және де осы арада Абай хакім айтқан «Асыл адам айнамыс» деген сөздің көкейге оралғаны да болды.

Біздің де айтарымыз асыл аға бар болатын, ар болатын, жасай беріңіз! Әрдайым сау-саламатта болыңыз!

Мұрат БАКТИЯРУЛЫ,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты.

ҚАЛАНЫҢ БОЛАШАҚ ДАМУЫНА ЖҮЙЕЛІ ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ ҚАЖЕТ

Мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы, әсіресе әл өндірісіне қан жүгірткен индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы да біздің қаламызда игілік бастауына айналып жатқанын жеткізген шаһар мэрі Индустриаландыру картасы бойынша 8 инвестициялық жобаны жүзеге асырылып жатқанын, оның ішінде шыны зауыты мен феррокорытпа зауыты салынатынын айрықша атап өтті.

Қызылорда қаласын дамытуға қатысты хабарламаны мұқият тыңдаған облыс басшысы Қ.Көшербаев қаламыздың бірінші тоқсандығы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінсөніс көңілі толатынын білдіріп, қала әкіміне біркатар нақты сауалдар қойды, өзекті мәселелерді шешуді тапсырды. Енді сол сан тапсырманы саралайық. Мысалы, қаланың ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру ісіндегі үлесі өте аз. Сондықтан шаһар іргесіндегі біркатар елді мекендерде азық-түлік белдеуін ұйымдастыруға ұсыныс етілді. Сонымен қатар қала басшысы ірі инвестициялық жобалардың іске асырылуына жұмыс жасау қажет. Бұған қоса, кәсіпкерлікті дамыту картасын әзірлеуді тапсырған аймақ басшысы қаланың архитектуралық келбеті сын көтерімділігін, ПИК-тер жұмысы қанағаттанарлықсыз екендігін де еске салды. Келесі түйткілді мәселе – коммуналдық қарыздар. Осы тұста Павлодар, Жамбыл қалаларының тәжірибесі зерттеліп, қаперге алу жүйкелі.

– Аулаларды жарықтандыру мен ғимараттарды сәулеттік-көркемдік жарық-тандыру міндеті болуы керек. Ол үшін ең алдымен оның концепциясын анықтап, бекіту қажет. Сонымен бірге әрбір қала тұрғыны туған шаһарының дамуына өз үлесін қосауға міндетті, – деп сөзін сабақтаған Қ.Көшербаев жуық арада Қызылорда қаласының Сырдарияның сол жағалауында заманауи әрі шығыстық үлгі бойынша дамитынын жеткізіп, жоба жасаған кезде қазіргі таңда туындап отырған ескі қаланың инфрақұрылымдағы қиыншылықтарын саралап, ескеру қажеттігін айтты.

Алдымен базарлардағы бейберекетсіздікті жою, жүргіншілер жолын салу, салынған автожолдардың тез арада істен шығуына себепкер болып отырған ауыр салмақтығы жүк көліктерін тезге шақыру, оларға тиісті орындармен бірілесіп бақылау орнатып, ауқымды айыппұлдар салу, қыс маусымына дайындық, аяқ су проблемасын шешудің жолын табу, орталықта бос жатқан жер телімдерінің иелерін анықтап, оларды мақсатқа сай пайдаланбаса, халықтың демалыс орнына айналуы секілді маңызды істер қала басшылығын әлі қыруар жұмыс күтіп тұрғанын білдіреді еді.

– Өріне, бұлар бір күнде, бір мезетте шешілетін мәселе емес. Бірақ біз осыны жасауға тиістіміз және бұған алдағы маңызды міндеттеріміздің бірі ретінде қарауымыз керек. Өйткені, қала – біздің өз үйіміз, туған қаламыз. Сондықтан оны абаттандыру, көркейту үшін қандай жұмыстар атқаратынымызды белгілеп алу үшін арнайы бағдарламалар жасалуы қажет деп есептеймін, – деген аймақ басшысы қала әкімдігіне жоғарыда айтылған ұсыныстар мен тапсырмалар негізінде іс-қимыл жоспарын он күн мерзімде бекітуді тапсырды. Сөзін қорыта келе, облыс басшысы бұның тек қала әкімінің міндеті ғана емес, барлық мемлекеттік органдар мен коммуналдық

«Садақанды сауда бер» ұғымымен Жанқожа батыр мешітіне келгенбіз. Еңселі ғимарат мұнтаздай таза әрі жылы. Бізді ілтипатпен қарсы алған Алмат молда құран оқыту бөлмесіне бастады. Өндірей өрешін сазды мақамы жан дүниемізді баурап әкетті. Оның аузынан төгілген киелі аяттар имандылыққа, адалдыққа шақырғандай.

Жанқожа батыр мешітінің пайдалануға берілгеніне көп уақыт болған жоқ. Алайда жұртшылықтың жиі басқосар мекеніне айналды.

Бабалар өткен ғұлама

үлгерді. Бұл бас имам Қайрат қажы Дәуіржанұлы өзге де дін қызметкерлерінің шалымдылығы екені даусыз. Мешіттің салынуына жерлесіміз Дархан Бердалиевтің мұрындық болып, іске қосылуына аудан тұрғындары мейлінше атсалысты. Әсіресе әкелі-балалы Самұрат, Мұрат, Нұрлан Имандосовтардың сүбелі үлес қосқаны баршаға мәлім.

Мешіттің іші-сырты, жалпы бейнесі өте көркем. Айшығы күнге шалысқан күмбезі де имандылық ордасының сәнін асырып тұр. Бейнекамералармен жасакталған. Онлайн жүйесінде «Хазрет Сұлтан» мешітінен дәріс тыңдалады. Неке залында жас жұбайларға сұмсалмаға неке куәлігі табысталады. Сәбилерге азан шақырылып ат қойылады. Халал асханалда санитарлық талаптарға сай тақуалық, мәдениетті үлгіде қызмет көрсетіледі. Ас беру құран аяттарымен басталып, уағыздарға жалғасады. Яғни садақа тек «ас ішіп, аяқ босатумен» ғана шектелмейді. Тәуліктің ең мезгілінде ересектерге, балаларға дәріс жүргізіледі. Намазхан қыздарға әйел ұстаз бөлінген. Мешітте бес уақыт намазға азан айту жүйелі түрде шешілуі жамағатқа зор септігін тигізуде. Мешіттен сауат ашуға жастармен қатар аға буын өкілдері де қызығушылық танытуда.

Орайы түскенде Жанқожа батыр мешітінде атқарылған істерге тоқталсақ. Жыл басынан бері аудан көлеміндегі имам, молдалар ҚМДБ тарапынан жіберілген теолог мамандардан тәлім сіңірді. Білімдерін жетілдірді. Арнайы күрестан өткендерге сертификат табысталды. Қазалы ауданының бас имамы Қайрат қажы Дәуіржанұлы облыс бойынша «Үздік жыл имамы» аталымын иеленді. Қайратқа шипажайға тегін жолдама берілді. Сондай-ақ облыстық азан айту жарысында мешіттің діни қызметкерлері Ақан Ербозов, Айдос Танбишов қаржылай сыйлықпен марапатталды. Ең бастысы, теріс ағымдарға қарсы жұмыстар нәтижесіз емес. ҚМДБ уағыз-насихат тобы

ауданда іссапарда болып, досторлі дініміз туралы көптеген мағлұматтар таратты.

Келесі бас сұққанымыз «Қожаназар ишан» мешіті еді. Ауылдан естілген азаншының асқақ үніне елжірей құлақ түрдік. Бойымызды белгісіз сезім биледі. Қасиетті жұмада, киелі намаз қарсаңында мешітте болуымызды жақсылықтың нышанына баладық. Оқырмандарға Қожаназар мешіті оның иесі атакты әулие ишан атамыз жайлы әңгімелеп өтсек.

Мешіт 1902 жылы іске қосылтып, Мәдени-тарихи ескерткіштер қатарынан орын алғандықтан мемлекет қорғауында. Сапалы салынғандықтан ғасырдан астам уақыт өтсе де, әліге шейін ел қажетіне жарауда. «Дін апины» деп саналған сонау кенестік кезеңде де мешіт қызметін тоқтатпапты.

Қожаназар Артықбайұлы 1855 жылы дүниө есін гін ашадy. Әлімнің Қаракесек тайпасынан өрбиді. Меккеге үш мәрте қажылыққа барған ғұлама тура Пайғамбар жасында ғұмырдан өтті. Қожаназар ишанның жеті ұлы болған. Баршасы діндар, оқымысты адамдар екен. Аудан орталығындағы өз есімімен аталатын мешітті кейін інісі Бекназарға беріпті. Мұнан соң мешітке Бекназардың баласы Нұрмағанбет басшылық жасаған. Өкінішке орай Нұрмағанбет небәрі 24 жасында өмірден өтті. Ишан атамyzдың жеке қаржысына салдырған екініші мешіт Сырдарияның жағалауында, қазіргі Жанқожа батыр ауылының тұсында орналасқан. Қалың тал қоршаған жерде мешіттің орны бар. Ауыл тұрғындары бұл маңды киелі санайды. Тал демекші Арман досымның басынан өткен оқиғасына бейжай қалдырмадық.

Сол маңнан кейіннен талмен ойнаймын деп, бірнеше рет сырқаттанып қалғанын, кейін оны орнына аларын, жаны жай тапқанын айтады. Нақты кезеңде Қожаназар ишан мешітінің жылу жүйесі, есік-терезесі жаңалануда. Кент әкімдігі отырғыштар, кокис салатын жәшіктер беріпті. Мешітке дейінгі жолды жөндеуден өткізіп, түңгі жарық орнату межеленуде. Жергілікті БАҚ-та діни мақалалар жарияланып, уағыздар айтылуда. «Мешітте шәкірттер тұрақты оқыл жатыр. Демеушілік көрсеткен барша ағайында Аллаһ разы болсын» дейді Қожаназар ишан мешітінің қызметкерлері.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
Қазалы ауданы.

МӘСЕЛЕ

АДАМ ТАҒДЫРЫНА АРАЛАСУҒА

құзырлы мекемелер неге қауқарсыз?

Редакцияның оңтүстік аудандарындағы қосынына Жаңақорған ауданы, Бірлік ауылы тұрғыны Әлиева Гүлбаршын бірнеше рет хабарласты. Шағымының мәнісі мына төмендегіше: үш бірдей бауыры – Рамазан, Руслан, Айбек екінші топтағы мүгедек, өз бетінше еңбек етуге қабілетсіз, мүмкіндігі шектеулі азаматтар көрінеді. Олардың алды 37 жаста болса, ортаншысы – 24, ең кішісі 22 жаста. Әкелері Әбу бақилық болған, ал зейнеткер шешесі Өмірқұл Алтыбаева әлгі балаларға бас-көз болып отыр. Ауылдастары оларды түрлі шаруаларға жұмсағанымен, белгілі бір жұмысқа орналастыру тағы мүмкін емес көрінеді. Сонымен Гүлбаршын Алматы жаққа тұрмысқа шығып, үш балалы болса да, отбасының ауыр жағдайына алаңдап, қазір «Мүгедек жандардың құқығын қорғаймын, оларға материалдық қандай да көмек әпер аламын» деген дәмемен осында жүр. Облыстық газетке қайта-қайта хабарласуы да сол жағдайға байланысты болса керек.

– Шешем жігіт болған мүгедек балаларына өзі қарап отыр, соған байланысты оған әлеуметтік қызметкер есебінде не күтуші ретінде үкіметтің заңдылығына сай айлық төлесе, – дейді, екінші тағы бір айтары-ортанышы бауыры Руслан жұмыс істеуге қабілетті, соны жұмысқа орналастыруға жәрдем берілуін қалайды. Үшінші өтініші – қайырмдылық қор не басқа орындар арқылы тұрмысы ауыр отбасын ең болмаса бір жолғы жәрдем қаржы алғысы келеді.

Осы мәселелердің анық-қанығын білу мақсатында ауыл әкімі Ә.Мұсаев, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлім басшысы М.Ауанов, аудан әкімінің орынбасары Қ.Бүркітбаевтармен тілдестік. Шағым иесі аудан әкімшілігін жағалап, қоғамдық ұйымдарда да болғанын олардың

ешбірінен қайран жогтығын қайталаумен болды. Ауыл әкімі өз құзыреті шегінде Әлиевтерге тұрғын үй салу үшін жер бергендігін, басқа да әлеуметтік жәрдем беруге ұсыныстар түсіргендігін айтса, зертеу әктісі бойынша, 2-топтағы мүгедектігіне байланысты үшеуінің әрқайсысы 25921 теңгеден алатындығын көрсетті. Ал аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі; «... Өкінішке орай, арызда көрсетілгендей, қажеттіліктерді (үйден әлеуметтік көмек, 1-топ мүгедектеріне жеке көмекші) ауруының салдарына (диагност) қарай сараптама қорытындысымен дәрігерлер береді. Біз сол дәрігерлер берген жеке оңалту бағдарламасын басшылыққа алып жұмыс жасаймыз», деген жауап хатты қолымызға ұстатты. Аудан әкімінің орынбасары Қ.Бүркітбаевтың уәжі де осыған саяды. Яғни, Әлиеваның бірде-бір шағымын орындауға мүмкіншілік жоқ, жеке күтуші ретінде ержеткен балаларына қарап отырса да, анасына ештеңе төленбейді, жұмыс істеуге ниетті жігітті жұмысқа орналастыра алмайды, ал әзірге қайырмдылық қорынан қайырым болса қоюы неғайбыл. Тәртіп, нұсқаулықтар аясының өрісі осылай деумен шектелуде. Солай да шығар, ал біздің түйгеніміз, құзырлы мекемелер адам тағдырына араласуға құлықсыз секілді. Мына адамнан мейірімділік қалқан кезеңде мұның ақыры қалай болар екен. Бір-біріне сілтемелемей, бірлесе жанашырлықпен жұмыс жүргізсе, ағамыш отбасыға бір шарапаты тиер ме еді! Алланың жазуы шығар, бір үйден үш бірдей соқталдай азаматтың кісі қолына қарауы шынында аяншыты. Өзгенін басына бермей-ақ қойсын мұны.

Нұрмахан Е.ЛТАЙ,
Жаңақорған ауданы

БАҚҰЛ БОЛ, ӘРІПТЕС

Үстіміздегі жылы 27 мамыр күні облысқа белгілі журналист, қарымды қаламгер Исмаилов Болатбек Токтағанұлы 56 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.



Б.Исмаилов 1959 жылы 22-ақпанда Қызылорда қаласында дүниеге келді. 1976 жылы қаладағы №198 орта мектепті бітірді. 1978-1980 жылдары кенес әскері қатарында қызмет еткен. 1980 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтына түсіп, оны 1984 жылы орыс тілі және әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп шықты. Мұнан кейін еңбек жолын облыстық телевидение және радио хабарларын тарату комитетінде тілшілік қызметтен бастады. Ал, 1987 жылы облыстық “Путь Ленина” газетінде тілші қызметін атқарды. Мұнан кейін облыстық ауруханада клуб меңгерушісі, инженер-дизайнер қызметінде болды. 2001 жылдан бастап облыстық “Қызылординские вести” газетінде саясат және құқық бөлімінде тілші, аға тілші қызметтерін атқарды.

Болатбек Токтағанұлы Алматыдағы медициналық дайындайтын мектепті бітірген. Қай салада болмасын ол өзін мықты маман екенін көрсете білді. Әсіресе әрбір іске асқан жауапкершілікпен қарайтын ол баспасөз саласында талантты журналист еді. Осы шығармашылық жолындағы жеткен жетістіктері үшін ол бірнеше медальдармен және грамоталармен марапатталды.

Отбасында төрт перзент тәрбиелеп өсірді. Жатқан жерін жайлы, тонайрағын торқа, иманың жолдас болсын, аяулы әріптес!

«Болашақ» университеті

2013 жылы аккредитациядан өткен, (мемлекеттік лицензия АБ 0137438) жана мамандықтардың, магистратураның ашылуына, студенттер контингентінің көбеюіне, материалдық базасының нығаюына байланысты, уақыт талабына сай, озық ойлы, біліктілігі мен білімін тұрақты түрде жетілдіріп отыруды ойлайтын, ізденімпаз үміткерлерге төмендегі лауазымдар мен профессор-оқытушылар құрамына конкурс жариялайды:

- Факультет декандары:**
- Экономика және құқық;
 - Мұнай-газ, техника және технология;
 - Педагогика, филология және тарих.
- Кафедра меңгерушісі:**
- Аппараттық жүйелер және есептеу техникасы;
 - Биология, география және экология.

Профессор-оқытушылар құрамы

	Ғылым докторы, профессор	Ғылым кандидаты, доцент, PhD докторы	магистр
Құқықтану және кесен ісі кафедрасы			
Құқықтану	1	3	2
Кесен ісі		1	1
Мұнай-газ, техника және технология кафедрасы			
Құрылыс	1	2	1
Мұнай-газ ісі	1	1	
Көлікте пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауы ұйымдастыру	1	2	
Стандарттар, сертификацаттау және метрология	1	1	1
Органикалық заттардың химиялық технологиясы	1	1	1
Биология, география және экология кафедрасы			
Биология	1	1	
Экология		1	1
Дене шынықтыру және спорт		1	2
Бастапқы әскери дайындық		1	1
Математика және информатика кафедрасы			
Математика	1	2	
050602- Информатика		1	
Физика		1	1
Дизайн		1	1
Бейнелеу өнері және сазу		1	1
Аппараттық жүйелер және есептеу техникасы кафедрасы			
Аппараттық жүйелер	1	2	2
Информатика, есептеу техникасы	1	1	1
Шетел тілдері кафедрасы			
Ағылшын тілі		1	1
Қытай тілі			
Филология және журналистика кафедрасы			
Орыс тілі және әдебиеті		2	2
Журналистика		1	2
Қазақ тілі және әдебиеті		1	1
Мектепке дейінгі және бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі кафедрасы			
Бастауышты оқыту педагогикасы мен әдістемесі	1	2	1

«Қазалы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120400, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Әйтеке би көшесі, 60 үй, анықтама үшін телефондары: 8(724-38) 26-6-01, 22-6-25, факс 8(724-38) 21-7-78 email:info@kzlorda.gov.kz «Б» корпұсы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

«Аранды ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы (Е-Г-4 санаты – 1 бірлік).

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 48047 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициенті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

1. Қазақстан Республикасы заңдары мен Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының, Үкімет қаулыларының, облыс және аудан, ауылдық округі әкімінің шешімдері мен өкілдерінің, облыс және аудан әкімдігі қаулыларының орындалуын қамтамасыз ету.

2. Облыс, аудан мекемелерінен келген құжаттарға өз функциясына сәйкес материалдар дайындау, ауылдық округ әкімі аппаратының бухгалтерлік есебін жүргізу, ауылдық округі әкімі аппаратының статистикалық есептерін жасау және жоғары тұрған орындарға уақытында тапсыру, ауылдық округ әкімі аппаратының бухгалтерлік есептіліктерін жүргізу, уақытылы тиісті орындарға тапсыру. Ауылдық округі әкімі аппаратына сатып алынатын тауарларға Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес жылдық жоспарды дайындап, уақытылы мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастыру.

«Аранды ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бюджет қаражатын тиімді және мақсатты пайдалану үшін бекітілген жоспарға сәйкес мемлекеттік сатып алу келісім-шарттарын жасау және олардың орындалуына мониторинг жүргізу, мемлекеттік сатып алу жоспарын тиісті заң та-

лаптарына сәйкес жүргізуге жауапты. Ауылдық округі әкімі аппараты мүліктерінің, заттарының, құрал-жабдықтарының сақталуын қамтамасыз етіп, кенесшілік жұмыстарын жүргізу. Қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша жұмыстар жүргізіп, есебін тиісті органдарға уақытылы тапсыру. Ауылдық округ бойынша жер, көлік және мүлік салықтарының жоспарлы түрде және мерзімінде жиналуына және тиісті орындарға өткізілуіне бақылау жасау. Ауылдық округ көлемінде кіші кәсіпкерліктің даму жағдайы жөніндегі есепті ай сайын аудандық кәсіпкерлік бөліміне тапсырылуына жұмыс жүргізу. Ауылдық округі әкімінің ауылдық округ көлеміндегі мемлекеттік мекемелер мен шаруашылық құрылымдарымен байланысын үйлестіру.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Жоғары немесе ортадан кейінгі экономикалық білімі не орта техникалық немесе кәсіптік білімі.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

- 1) өклетті орган белгілеген нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен қоса өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізбегінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәклетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тәсілденген өткені туралы қолданыстағы сертификат

Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиесу		1	1
Мұзыка		1	1
Педагогика, психология және дефестология кафедрасы			
Педагогика және психология	1	2	3
Дефестология		2	3
Қазақстан тарихы			
Саясаттану	1	1	
Әлеуметтану	1	1	
Дінтану	1	1	1
Тарих	2	1	1
Философия	1	1	1
Экономика, қаржы және бизнес кафедрасы			
Экономика	1	1	1
Мемлекеттік және жергілікті басқару			2
Есеп және аудит	1	1	

Қойылатын талаптар – факультет деканы, кафедра меңгерушісі, профессор, доцент қызметтерін қатысушылардың ғылыми дәрежесі мен атағының болуы және КР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары» бұйрығына сәйкес болуы керек.

Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын қажетті құжаттардың тізбесі:

- 1) Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) Кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс-парағы;
- 3) Еркін нысанда баяндалған өмірбаяны;
- 4) Білім туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) Еңбек кітапшасының көшірмесі;
- 6) 3x4 көлемдегі суреті.

Конкурсқа қатысушысы біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты ұсына алады.

«Болашақ» университетінде қызмет ететін оқытушылар конкурсына қатысу немесе қызметке тұруға шарт жасау үшін ректордың атына арыз, міндезде және ғылыми жұмыстарының тізбесін тапсырады.

Университет жалақы белгілеуде «Білікті ұстазға – берекелі жалақы» қағидасын ұстанады. Оқытушылық қызметтің нәтижесі осы оқу жылынан бастап рейтингтілі бағалау жүйесі арқылы анықталады. Оның қорытындысы бойынша тұрақты жалақыға қосымша екінші жалақы алу мүмкіндігі қарастырылған.

	Ғылым докторы, профессор	Ғылым кандидаты, доцент, PhD докторы
Факультет деканы	280 000	230 000
Кафедра меңгерушісі	250 000	200 000
Профессор	200 000	
Доцент, PhD докторы		150 000

Конкурсқа қатысу үшін құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекен-жайға хабарласып, құжаттар жіберуге болады: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 31а, «Болашақ» университеті, тел./факс– 8(7242) 23-45-15, 20-22-72 E-mail: bolashak_5@mail.ru

Қызметке конкурс

(немесе нотариатты куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс етілі талап етілмейтін жағдайларда осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурсы комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, міндезделер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық пошта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурсы өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қазалы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120400, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Әйтеке би көшесі №60 үйі, 7 кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурсы комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурсы комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қазалы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде (Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Әйтеке би көшесі №60 үйі) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі. Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұй



Жуырда Ә.Тәжібаев атындағы әмбебап ғылыми кітапханада облыстың ата басылымы “Сыр бойы” газетінің 85 жылдық мерекесіне орай «Сыр халқының сырласы» атты кеш өтті.

СЫР ХАЛҚЫНЫҢ СЫРЛАСЫ

Кездесу кешіне Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы-журналист Айжарық Сәдібекұлы, акын, ардагер журналист Рысты Бекбергенова, «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Жұматәлі Әбдіраман, «Сыр медиа» ЖШС директорының орынбасары Қуат Шарабидинов және фотожурналистиканың көнігі маманы Болат Омарәлиев қатысты.

Алғаш болып сөз алған

өмірінің дәрежесін сол уақыт өлшеммен бағалайды” – дей келе, ұлттық журналистиканың мұраты жайлы, “Сыр бойы” газеті аймақ халқының әрі сырласы әрі өмірінің жарысы болғанын атады.

«Сыр медиа» ЖШС директорының орынбасары Қуат Шарабидинов серіктестіктің бүгінгі таңдағы қызметі, атқарылып жатқан жұмыстары жайлы баяндап берді.

талқысына түскеннің өзінде де уақыт төрелігіне жүгінді. Оқырманың рухани өре биігіне жетеледі.

Газеттің қалыптасуына қазақ баспасөзінің көш-басшылары Ж.Тілепбергенов, А.Токмағанбетов, Ә.Қоңыратбаев сынды қайраткерлер сүбелі үлес қосты. Басылым атауының кезекті өзгертілуі Сыр өңіріндегі жаңа әкімшілік-территориялық құрылым Қызылорда облысы құрылған



ардагер журналист, жазушы Айжарық Сәдібекұлы журналистикадағы алғашқы еңбек жолын, сол кезіндегі басылымның “Сыр бойы” атауына қалай қол жеткізгені жайлы қызықты мағлұматтарын оқырмандарымен бөлісті. Ал, басылыммен құрдас, акын апамыз Рысты Бекбергенова өлең-жырдан шашу шашты. Сыр еліндегі қазақ қыздарының ішіндегі “тұңғыш журналист қыз” атанғаны тыңдармандардың мақтанышын туғызды.

«Сыр бойы» газетінің бас редакторы Жұматәлі Әбдіраман, “Қай журналист болмасын – алдымен ол – өз заманының, өз ортасының перзенті. Сондықтан ол тек өз дәуірінің шындығын шығармаларына арқау етеді. Халқының мәдени, рухани

«Сыр – Алаштың анасы» атанған өңірдегі байырғы басылымның бірі “Сыр бойы” – тарихымызды саралауда басты дереккөз болып табылады. Быыл облыстық «Сыр бойы» газетінің алғашқы санының жарық көргеніне 85 жыл толады.

1929 жылдың 1 шілдесі күні өзінің дәл бүгінгі атауымен «Сыр бойы» болып алғаш рет жарық көрді. Әдепкіде Қызылорда округтік партия, кеңес комитеті мен кәсіпшілер одағы бюросының газеті аталып, атасына екі реттен шықты. Алғашқы жылдың өзінде-ақ газеттің таралымы 2000 данаға жетті. Әрине, сол кездегі ұжымдастыру, ашаршылық, жаппай саяси қуғын-сүргіннен басылым тыс қалған жоқ. Қандай қиын уақыт болса да, тағдыр

1938 жылмен тұспа-тұс келді. Тап сол шақта мәртебесі қоса өзгертілген газеттің атауы «Ленин жолы» болып ауыстырылды.

Еліміз тәуелсіздік алып тарихи атауларды қайта қалпына келтіре бастаған шақта, яғни 1991 жылдың 24 қыркүйегінде газет өзінің алғашқы аты – «Сыр бойы» қайта иеленді.

Шара барысында облыс өнерпаздары ән-жырдан шашу шашса, студенттер өлеңдерін оқыды. Сондай-ақ, қатысушылар «Сыр бойының шамшырағы» атты кітап көрмесін тамашалады.

Әйгерім ИБРАЕВА, И.Өбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық колледжі оқытушысы.
Суреттерді түсірген **Болат ОМАРӘЛІПБЕВ.**

САЙРАҒАН БАҚТА БҰЛБҰЛДАЙ...

Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар, сөз зергерлерінің бірі, Сыр сүлейі – Қаңлы Жүсіп Қадірбергеноұлы XIX ғасырдың соңында бұрынғы Қараөзек болысы, Майлықұм елді-мекенінде дүниеге келген. Алғашқыда ауыл молдасы Темірқожа деген кісіден хат танып, әрі қарай өз бетінше мұсылманша және орысша сауатын жетілдірген. Жасы 14-15-ке қараған шағында ақындығымен халыққа таныла бастайды. Заманында биге атқосшы, болысқа тілмәш болады. Ел арасында «Қаңлы Жүсіп», «Молда Жүсіп» есімдерімен аты белгілі болған. Кеңес өкіметі тұсында Тереңөзекте сотта хатшылық қызмет атқарған.



мерейтойы аудандық мәдениет үйінде жалғасын тапты. Онда аудан әкімдігінің, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің және ұрпақтарының ұйымдастыруымен танымдық конференция мен жазба ақындар мүшәйрасы өткізілді. Танымдық конференцияны аудан әкімінің орынбасары Е.Әжікенов ашып, қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар сөз зергерінің өмір жолына, ақындық қырларына тоқталды.

– Сыр бойы ақындары арасында сол кезеңдегі саяси-әлеуметтік оқиғаларды, қоғамдағы болып жатқан өзгерістерді, сондай-ақ, замана кайшылықтарын шынайы суреттей білген ақынның бірі – Жүсіп Қадірбергеноұлы, – делі аудан әкімінің орынбасары. – Ақын қаламынан туған «Ту көтеріс тұтас болып дараланбай», «Заман», «1916 жыл», «Ерлерім хикасын еттім дастан» сияқты саяси лирикалары мен «Бірлік туына», «Сауранбайға»

атты арнауларын осы тақырыптағы шоктығы биік шығармалар қатарына жатқызуға әбден болады. Ақын саяси ортадан алыста, Сыр бойында жатып-ақ ел өміріне белсене араласты, қаламымен халықтың қамын жеуі оның ақындық арынын ғана емес, саяси көзқарасын да танытты.

Жерлесіміз, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Ғабит Тұяқбаев сөз зергерінің шығармашылық жолына, оның өлеңдерінің әлеуметтік маңыздылығына ғылыми тұрғыдан талдау жасады.

Сыр сүйелерінің шығармашылығын тірілуде ғалымдарымыздың да қосып жүрген үлесі зор. Ғалым жерлесіміз Ғ.Тұяқбаев Қаңлы Жүсіптің шығармашылығын өзінің ғылыми еңбегіне арқау етіп келеді. Сондай-ақ, конференцияда

ақынның ұрпағы, еңбек ардагері Ерниз Омаров шайырды ұлықтап жатқан аудан жұртшылығына шынайы алғысын білдірді.

Салтанатты шара соңында ақынға арналған жазба ақындар мүшәйрасы ұйымдастырылды. Оған он бестен астам талапкерлер қатысып, ақын бабаға деген арнау-жырларын толғана оқыды. Олардың арасынан №142 Қуаныш Баймағанбетов атындағы мектептің 11-сынып оқушысы Гүлзат Оразова бас жүлдені жеңіп алды. Бірінші орынды ауданға белгілі ақын Бағдат Есназар иеленсе, екі екінші орынды Мейрамбек Шілдебайұлы мен Қанат Көзейбай, ал екі үшінші орынды Аружан Мұханбетқали мен Темірхан Аймағанбет өзара бөлісті.

Ш.НҮРСЕЛІТОВ, Б.АҚҚАЛПЫЛ.
Сырдария ауданы.

ШАХМАТТАН ҚАЛААРАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ

Қалалық интеллектуалды ойындар клубында «Жігер» облыстық спортшы мүгедектерінің қоғамдық бірлестігі мүмкіндігі шектеулі жандар арасында шахмат турнирін өткізді. «Грек-кимыл» аппараттары жатқызғандар мүгедектер арасында спорттық турнирлер ұйымдастыру» атты әлеуметтік жоба негізінде ұйымдастырылған турнирді облыс әкімдігі, Азаматтық альянс қауымдастығы және «Игілік» корпоративтік қоры арасында жасалған меморандум аясында қаржыландырылды.

Турнирдің мақсаты, мүгедек жандарды дене шынықтыру арқылы оңалту, аймақта жүргізіп жатқан

әлеуметтік-құқықтық іс-шаралармен таныстыру және спорт арқылы өмірдегі орын табуға, қоғамның белсенді мүшесіне айналуға жәрдемдесу.

Шахмат турнирі осымен алтыншы жыл қатарынан ұйымдастырылып келеді. Биылғы дәстүрлі жарысқа ОҚО Арыс қаласынан және облыстан барлығы 26 мүмкіндігі шектеулі жан қатысты. Екі күнге созылған долада бірінші орынды Б.Құдайбергенов (Арыс қаласы), екінші орынды А.Жигалов (Арыс) және үшінші орынды В.Пай (Қызылорда қаласы) иеленді.

Нұрбек САҒАТУЛЫ.



ОТАНШЫЛДЫҚ – ҚАСТЕРЛІ ҰҒЫМ

Талай даналығымен дүйім елдің ардақтысына айналған Әйтеке би «Өмірім – өзгенікі, өлімім – өзімдікі» деп халыққа қызмет етуді өзіне басты парыз санаған. Оны отаншылдықтың нағыз айнасы деп айта аламыз. Сондай-ақ, қазақ халқының ұлт болып ұйысуына көп еңбек сіңірген Тәуке хан өмір сүрген заманда қазақ үшін отаншылдық байлықтан да жоғары бағаланды.

Сондықтан қай уақытта жүрек түбінде иманды ұялатып, әрбір қадамыңды ойша саралап, ақырын жүріп, анық басқаның артық емес. Бүгінгі таңда ашуға ерік беріп, туған жерге қызмет етуді ұмыттып жататын пенделер баршылық. Әлемнің көптеген мемлекеттерінде халықтың өз ұлтының тілін, ділін, дінін берік сақтауымен және мақтан тұтуымен тікелей байланыстырылды. Казіргі батыс зерттеушілері отаншылдық ұғымы қоғамдық-саяси феномен ретінде ескіріп тозды,

маңызы жоқ деген пікірлер айтады. Еуропаның кейбір ғалымдары отаншылдықты ұлт, азаматтық ұғымдармен алмастырды.

Отаншылдық туған отбасына, туып-өскен ортаға, туған топтары мен табиғатына деген құрметтен басталады. Сондықтан отаншылдықтың қайнар көзі адамгершілік қасиеттер болады. Отаншылдықтың іргетасы – ұлтжандылық. Өз ұлтын сүйіп, оның мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын азамат қана отаншыл бола алады. Отаншылдықты рухани қанықтық ретінде зорлықпен, нұсқаумен енгізу мүмкін емес. Отаншылдық тәрбиеге қатысты барлық ұғымдар мақсатты әрі нәтижелі жұмыс істегенде ғана санаға сіңеді.

Маржан ШОХАНОВА,
№194 Сунақата орта мектебінің мұғалімі.
Жаңақорған ауданы.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚШЫЛАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ СПАРТАКИАДАСЫ

Қызылорда қаласында «Қайсар, еңгі, күшті болсақ – спортпен ардайым жолымыз бір!» тақырыбында денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің дәстүрлі 47-ші спартакиадасы өз жалауын көтерді.

Медициналық колледж базасында өткен салтанатты шараға барлық емдеу, алдың алу мекемелерінің қызметкерлері, сала ардагерлері қатысты. Шараның мақсаты «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын өмірімізде

жүзеге асыруда саламатты өмір салтын ұстануға медицина қызметкерлерінің, бұқара халықтың назарын аудару болып табылады.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы мен медицина саласы қызметкерлері кәсіподағы комитеті ұйымдастырып отырған спартакиада барысында қатысушы 21 команда спорттың он бір түрінен сынға түседі. Атап айтқанда, шахмат, шашка, баскетбол, волейбол, қысқа және ұзын қашықтықтағы жүгіру, мини футбол,

стол теннисі және биылғы ерекшелік, асық ату мен ләңгі тебу секілді ұлттық ойындардың енгізілуі болып отыр.

Жалпы, денсаулық сақтау саласы қызметкерлері арасында өткізілетін бұл спартакиаданың тарихы 1966 жылдан бастау алады. Сол жылдары медицина қызметкерлері кәсіподағы комитеті салада жұмыс атқаратын жандардың денсаулық индекстеріне талдау жүргізді. Қорытындысында жұмыс ауырлығы мен төменгі денсаулық индекстері осы денсаулық сақшылардың өздері болып шығды. Кәсіподақ комитетінің сол кездегі төрағасы Кенесбай Қалиев облыстық денсаулық сақтау басқармасына қызметкерлер арасында денсаулық спартакиадасын өткізуге туралы ұсынысын айтады. Сөйтіп бұл ұсыныс үлкен қолдауға ие болып, 1966 жылы мамыр айында алғаш рет өз жа-

лауын көтеріп, түрлі спорттық жарыстар көрініп қыздыра отырып, маусым айының үшінші жексенбісінде болатын медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесінде өз мәресіне жетті. Сонан бері оны дәрігерлер арасында жыл сайын өткізуге дәстүрге айналған.

Биылғы спартакиаданың ашылу салтанатында сөз алған облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Сәкен Серғазиев, медицина саласының ардагері Кенесбай Қалиев және медицина саласы қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрағасы Сапар Майлыбаев спартакиадаға қатысушы командаларды құттықтап, сәттілік тіледі, жылы лебіздерін білдірді. Салтанатты шара оған әрі спорттық ойындармен жалғасты.

Бір ай көлемінде жүргізілетін спорттық сайыс қорытындысы жағрында айтып өткенімиздей, медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында жарияланатын болады.

Айнұр БАТТАЛОВА.

ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ЕСІНЕ!

Соңғы кездері теміржол бойында адам және мал басу оқиғаларының жиілеп кетуі қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуына кедергі болуда. Осының салдарынан пойыздардың жолдан шығып кетуі, жолаушы пойыздарының уақытысынан кешігуі мүмкін.

2014 жылдың 4 айында төрт адам басу, он үш мал басу, адам және мал басуды болдырмау үшін жетпіс сегіз шұғыл тегежістің қолдану оқиғасы орын алды.

Адам және мал басуды болдырмау мақсатында тепловоз машинисттері шұғыл тегежісті қолданады. Бірақ қатты жылдамдықпен келе жатқан пойызды бірден тоқтату мүмкін емес. Бұған жол жөндеу мекемесінің қызметкерлері жауапты болғанымен, әрбір болған адам басу оқиғасы салдарынан тепловоз машинисттері мен олардың көмекшілері стретстік жағдайға шалдығады.

Теміржол аймағы аса қауіпті екенін естен шығармай, теміржол бойынан өткенде, қауіпсіздік ережелерін сақтап, аса сақ болуларыңызды ескертеміз. Арнайы белгіленген жерден аса сақтықпен өтіңдер.

Өз өмірлеріңіз өз қолдарыңызда екенін ұмытпаңыздар!

“Локомотив” акционерлік қоғамы.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, САУДА-САТТЫҚ

Қызылорда өңірлік жеке сот орындаушылары алқасының жеке сот орындаушысы Қыдырбаев Н.Ж. төмендегі мүлікке қатысты ағылшын әдісімен (жогарылау тәртібімен) аукцион жариялайды.

Айдарбаев Бауыржан Назаровичке тиесілі, Қызылорда қаласы, Мұртабаев көшесі № 36 үй 2 пәтер мекен-жайда орналасқан, жалпы алаңы 46,3 ш.м., тұрғылықты алаңы 31,4 ш.м., 1964 жылы салынған, пайдалану мақсаты – пәтер. Бастапқы бағасы 4 930 600 теңге. Қатысу үшін Н.Қыдырбаевтың есең-шотына – 246 530 теңге кепілақы төлеу қажет.

Аукцион 11.06.2014 жылы сағат 16:00-де Қызылорда қаласы, Бегім ана көшесі №17 үйде ағылшын әдісімен (жогарылау тәртібімен) өткізіледі.

Н. Қыдырбаевтың реквизиттері: ЖСН 800725301502, «БТА Банк» АҚ-дағы КЗ243190K010004255655. Қатысушының өтініші аталған мекен-жай бойынша 06.06.2014 жылдан басталып, аталған әрбір сауда-саттық басталардан бір тәулік бұрын аяқталады. Мүлкікті көрсету (тануы) 06.06.-09.06.2014 жылғы аралықта жұмыс күндері сағат 11:00-де жүргізіледі. Уәкілетті орган нөмірі 27-43-73, анықтама үшін тел: 26-18-33, 8 705 989 84 69, 8 707 989 84 69.

Қызылорда облысының мәдениет басқармасының басшысы мен оның орынбасарларының жеке тұлғалары және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі				
Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні	Атқаратын лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Абдырахманов Ержан Ахметұлы	Басқарма басшысы	әр аттаның сәйкесінсіз күні сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, н/з, 336-кабинет	8 /7242/ 60 53 03
Әбуова Мирамқұл Рахымжанқызы	Басқарма басшысының орынбасары	әр аттаның сәйкесінсіз күні сағат 11.00-ден 13.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, н/з, 334-кабинет	8 /7242/ 60 53 01
Құрамысова Жанат Ашанқызы	Басқарма басшысының орынбасары	әр аттаның жұма күні сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, н/з, 335-кабинет	8 /7242/ 60 53 02
Сенім телефоны: 8 /7242/ 60 53 03.				

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-нұсқа - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 32 48-07

Шиепі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 49-51

e-mail: syrboy@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің Ақпарат және ықпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Ғ, 27.08.2012 ж.

Ақпаратқа қолма-қол тасарыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияландыра газеттің түпнұсқаларының бірі болмайды. “АҚ”-өңдеу қызметі.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС-е баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Газеттің таралымына “Қазпошта” - 23-54-51, “Евразия-Пресс” - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Тарапымы **22170**

Тапсырыс № **455**

Электрондық оқылым – **21000**